

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Математика және информатика» кафедрасы**

**ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

<b>Мамандық атауы:</b>	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
<b>Мамандық шифры:</b>	5В070400
<b>Дайындау бағыты:</b>	Техника және технологиялар
<b>Берілетін дәреже:</b>	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша техника және технология бакалавры

Шымкент, 2016 ж

Элективті пәндер каталогы 5B070400- «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету

**Құрастырушылар:** т.ғ.к., доцент Тукубаев З.Б.  
магистр, аға оқытушы Көбеева З.С.

«Математика және информатика» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың \_\_\_\_ \_\_\_\_ №\_\_\_\_ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың \_\_\_\_ \_\_\_\_ №\_\_\_\_ хаттама) талқыланды.

Кафедра меңгерушісі п.ғ.к., аға оқытушы Өтебаева Ш.К.

ӘК төрайымы: Салимбекова С.

Педагогика факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың \_\_\_\_ \_\_\_\_ №\_\_\_\_ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрайымы: Қыпшақбаева С.

Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың \_\_\_\_ \_\_\_\_ №\_\_\_\_ хаттама) бекітілді.

## Кіріспе

**5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша білім беру 2 траектория бойынша ұсынылады:**

1) 5B070401 – «Есептеу техникасы, тораптары және жүйелері» техника және технологиялар траекториясы

2) 5B070402 – «Ақпаратты қорғауды ұйымдастыру және технологиясы» техника және технологиялар траекториясы

Бітірушіге 5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры дәрежесі беріледі.

5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы 5B070401 – «Есептеу техникасы, тораптары және жүйелері» мамандандыруының бітірушілері төмендегі қызметтер атқара алады:

- жобалаушы-құрастырушылық;
- өндірістік-технологиялық;
- эксперименталды-зерттеушілік;
- ұйымдастыру-басқарушылық;
- эксплуатациялық.

5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы 5B070402 – «Ақпаратты қорғауды ұйымдастыру мен технологиясы» мамандандыруының бітірушілері төмендегі қызметтер атқара алады:

- Компьютерлік техника құралдарын, бағдарламалау құралдарын ақпаратты өңдеу мен басқару жүйелерін жүзеге асыру үшін қолдану;

- Кәсіби қызмет нысандарын математикалық, ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету элементтерін жобалау;

- Кәсіби қызмет нысандарының жұмысымен байланысты есептеу мен ақпараттық процестердің математикалық және бағдарламалық модельдерін жасау мен зерттеу;

- Ақпараттарды өңдеуші және басқарушы компьютерлік жүйелер мен компьютерлік техникалардың жүйелік, инструменталдық және қолданбалы бағдарламалық жабдықтар орнату, баптау және қызмет көрсету;

- Ақпараттық компьютерлік өңдеу мен басқару жүйелерінің бағдарламалық өнімдерін қолдап отыру;

- Компьютерлік тораптарды әкімдеу;

- Деректер базасын жеткізу.

### Кәсіптендіру пәндер циклы

#### 1 – білім беру траекториясы .

1.1. Бағдарламамен қамтамасыз ету 4 кр )

1.2. Жүйелі программаға кіріспе 4 кр

1.3. Параллелдік есептеулер 4 кр

2.1. Есептеу жүйелерін және желілерін ұйымдастыру 4 кр

2.2. Білім берудегі ақпараттық және коммуникациялық технология 4 кр

2.3. Желілік жүйе 4 кр

3.1. Компьютерлік желілер 4 кр

3.2. Корпоративті желі технологиясы 4 кр

3.3. Жаңа ақпараттық технологияны бағалау 4 кр

4.1. Жасанды интеллект негіздері 4 кр

4.2. Сараптау жүйесі және интеллектуалды жүйе 4 кр

4.3. Сараптау жүйесі 4 кр

#### 2 – білім беру траекториясы

1. 1. Автоматты басқару теориясы 4 кр

1.2. Динамикалық жүйелер 4 кр

1.3. Ақпараттық жүйелерді жобалау 4 кр

2.1. Математикалық модельдеу 4 кр

2. 2. ЭЕМ-ді ұйымдастыру 4 кр

2.3. ДК жөндеу және модернизациялау 4 кр

3.1. Компьютерлік жүйелердің сәулеті 4 кр

3.2. Сызықты емес жүйелерді зерттеу әдістері мен модельдері 4 кр

3.3. AUTOCAD негіздері 4 кр

4.1. SQL Server ортасындағы программалау - 4 кр

4.2. Эконометрика 4 кр

4.3. Арнайы курс «Программа құрастырудың құрал-жабдықтары 4 кр

Жоғары оқу орнында 5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша 5B070401 – «Есептеу техникасы, тораптары және жүйелері» және 5B070402 – «Ақпаратты қорғауды ұйымдастыру мен технологиясы» мамандандыруының техника және технология білім беру траекториясы элективті пәндер каталогы шеңберінде жасалынып, студенттерге таңдауға ұсынылады.

## Цикл атауы: Жалпы пәндер циклы 7 - кредит (315 сағат)

### 1.1. Әлеуметтану – 3 кредит (135 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** Студенттерге негізгі теоретикалық бағыттар мен ғылымда қолданылатын эмпирикалық әдістер жөніндегі кешенді білімдерді беру. Берілген пән әлеуметтік құрылым туралы, әлеуметтік процестер және әлеуметтік институттар – қоғам дамуының өте маңызды элементтері ретінде, әр түрлі әлеуметтанулық бағыттар мен мектептер, жинау әдістемесі және әлеуметтік ақпараттарды өңдеу жөніндегі жүйеге келтірілген білімдерді алуға бағытталған.

**Қысқаша мазмұны:** Адам мен қоғам жөніндегі ғылымдардың ішінен әлеуметтік дүние, тұлғаның әлеуметтік өзара қатынастары жөніндегі ғылыми-әлеуметтану маңызы орынды иеленеді. Қазіргі кездегі әлеуметтік мәселелердің өзектілігін тұлғаның қоғамдағы орнын және адам жөніндегі білімнің рөлін арттырады. Әлеуметтану адамдар өз өмірін қамтамасыз етіп, қоғамдық қатынастарды реттеу үшін ұрпақ қалдырып, қоғамның біртұтастығын сақтап қалу мақсатында құрған күрделі әлеуметтік жүйені, институттарды түсінуге көмектеседі. Әлеуметтану кез-келген құбылысты адамдық тұрғыдан қарастыруға, оның әлеуметтік механизмдері мен салаларын көруге мүмкіндік береді. Әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика мен әлеуметтің мемлекеттің түпкі конституциялық қағидаларын тек әлеуметтану пәні арқылы нақты түсініктермен толығыады. Әлеуметтану қоғам туралы ғылым болғандықтан, бұл пәнді оқып студенттердің меңгеруі оларға өз ортасын тануына, қоғамдағы әртүрлі оқиғалар мен жағдайларды түсінуіне септігін тигізеді.

**Күтілетін нәтижелер:** Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білік қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** Қазақстанның қазіргі заман тарихы

**Постреквизиттер:** жоқ

**Оқытушы:** Ахметова Ж.Ш

### 1.2. Қазақстандық әлеуметтану ғылымының дамуының негізгі тарихи кезеңдері –3 кредит (135 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** Қазақстанда әлеуметтік ойдың қалыптасуы қазақ халқының қоғамдық және әлеуметтік болмысының, дүниетанымының, әлеуметтік құндылықтар жүйелерінің айрықша нысандарына байланысты өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасу тарихы.

**Қысқаша мазмұны:** Қазақ әлеуметтану ғылымы қоғамды, оның қойнауындағы сан алуан әлеуметтік, экономикалық, құқықтық саяси дәни рухани т.б құбылыстар мен процестерді ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, ұғындырудың жалпы теориялық методикалық негізгі темір қазығы болып табылады. Оның кезеңдері Классикалық кезең – Ш.Уалихановтан, А.Құнанбаевтан және Ы.Алтынсариннен бастау алады. Дамыған ағарту ісі кезеңі. Қазіргі заманғы Қазақстандық әлеуметтану ғылымының ролі мен мәні барған сайын арта түсуде. Бұл біріншіден, біздің қоғамдық өміріміздің барлық жақтарының реформалануына, екіншіден қоғамдық өмірде әлеуметтік факторлар мен әлеуметтік ортаның ролі мен маңызының арта түсуіне, үшіншіден, құқықтық мемлекеттің қалыптасып, азаматтар қоғамның орнауына байланысты. Қоғамдық дамуға әлеуметтану ғылымының ықпалы барған сайын арта түсетін болады.

**Күтілетін нәтижелер:** Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымды іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білік қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** Қазақстанның қазіргі заман тарихы

**Постреквизиттер:** жоқ

**Оқытушы:** Юлдашева Ф

### **1.3. Жалпы және әлеуметтік педагогика – 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Болашақ әлеуметтік қызметкерлердің бойында жалпы және әлеуметтік педагогика теориясы мен тәрбиесі туралы түсінік қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны:** Жалпы педагогиканың теориялық негіздері. Тәрбие қоғамдық құрылыс ретінде. Біртұтас педагогикалық үрдіс: негізі, ұйымдастыру формалары, жүзеге асыру әдістері. Әлеуметтік педагогиканың пайда болуы мен дамуы. Баланы қоғамда дамыту. Әлеуметтік тәрбие. Әлеуметтендіру және оның факторлары. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология. Әлеуметтік педагогикалық қызмет, әдістемесі мен технологиялары. Халықтың әртүрлі топтарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жүргізудің ерекшеліктері. Отбасыларымен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар. Балалықты әлеуметтік қорғау – жалпы адамзаттық проблема ретінде. Девианттық мінез-құлық әлеуметтік проблема ретінде. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы әлеуметтік қамқорлық. Мектептер және әлеуметтік орта: өзара іс-қимыл жасау жолдары.

**Күтілетін нәтижелер:** Жалпы және әлеуметтік педагогикалық жалпы мағынасын түсіндіру. Пәнді оқу барысында жалпы және әлеуметтік педагогика ілімін тәжірибеде қолдана отырып, әлеуметтік процестердің қазіргі таңда білуге және оны қажет уақытта тиімді қолдану. Жалпы әлеуметтік педагогика оқудың тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар дағдылық маңызы бар. Оқу әдістерінде негізінен әлеуметтанудың өзге үрдістерімен салыстырғанда ерекшелігіне мән беріп, студенттер тарапына баяндамалар, кешендік сұрақтарға жауап беруге дағдылануы тиіс. Студенттердің кәсіби шеберлігін көтере отырып, өз бетімен қажетті ақпарат жинау мен әзірлеуге дағдылану.

**Пререквизиттер:** Қазақстанның қазіргі заман тарихы

**Постреквизиттер:** жоқ

**Оқытушы:** Жанысбеков Ә.Ж

### **2.1. Экономикалық теория негіздері – 2 кредит (90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Нарыққа өту жағдайында экономикалық теорияның практикалық функциясы елеулі күшейді. Бүгінде экономикалық теория мен шаруашылық жүргізудің практикасындағы қол үзуді болдырмау міндеті қойылым отыр. Шаруашылық жүргізу механизмінің радикалды реформасы экономикалық теория алдында жаңа міндеттер ұсынды. Ол қазіргі экономикалық дамудың ерекшеліктеріне сүйене отырып, өмірдің өзі қойған сұрақтарына жауап беру қажет.

**Қысқаша мазмұны:** Микро (тұтынушылар, фирмалар, жеке нарықтар) макро (жалпы экономика) және әлемдік шаруашылық пен халықаралық экономикалық қатынастар деңгейінде нарықтық экономиканың әрекет етуінің заңдары мен принциптері туралы білім алуы тиіс; Экономикалық ситуацияларды талдауда, болжауда және мемлекеттің экономикалық саясатының салдарын алды алуды экономикалық үлгілерді пайдалана білуі тиіс.

**Күтілетін нәтижелер:** Өз бетімен ізденіс жұмыстарның қырсырын игеріп, өзінің тұжырымдарын дәлелді және экономикалық сауатты жеткізе білуі керек.

**Пререквизиттер:** жоқ

**Постреквизиттер:** жоқ

**Оқытушы:** магистр Алиева Ф.У.

### **2.2. Мемлекет және бизнес – 2 кредит (90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** болашақ басқару мамандығы бүгінгі күнгі менеджмент тұжырымдаланылады сапалы ұғынып, оларды кәсіпорын тәжірибесінде ұтымды қолдана білу. Бұл пәннің оқытылуындағы басты мақсат, жас экономист-басқарушы кадрларды Қазақстан Республикасының экономикасының, жекелеген салаларының, кәсіпорындардың тиімділігін жоғарылату үшін, қолдағы бар ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін, менеджменттің жүйелік ыңғайы мен функцияларын, әдістерін, техника мен технологияларын, ұйымдастырушылық формалары мен құрылымдары білімді игеруге көмек беру.

**Қысқаша мазмұны:** «Мемлекет және бизнес» пәнінің міндеті студенттерге инновациялық жобаларды басқару механизмін түсіндіру, заңдылықтарын анықтай отырып, нақты ұйымдастырушылық тапсырмаларды шешу тәсілдері мен әдістерін дайындау жөнінде ұсыныстар беру, яғни менеджментті басқару саласында маманданған, қажетті кәсіпті иеленетін адамға түсінікті болатын ғылыми жүйеге айналдыру.

**Күтілетін нәтижелер:** Студенттердің инвестициялар саласынан ғылыми және машықтарды алу; Капиталды салымдардың экономикалық негіздеуін білу; инвестициялық тәуекелдерді табу және бағалау әдістемесін үйрену; оларды қысқарту жолдарын үйрену.

**Пререквизиттер:** жоқ

**Постреквизиттер:** жоқ

**Оқытушы:** магистр Мырзахметова Ж.Ж.

### 2.3. Экономикалық ілімдер тарихы – 2 кредит (90 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** Жалпы экономиканы зерттеудің алғы шарты экономикалық ілімдер тарихын зерттеу. Экономикалық ілімдер тарихы пәні мен әдістері. Классикалық саяси экономиканың пайда болуы мен дамуы. Маржинализм және неоклассикалық экономикалық теорияның қалыптасуы. Неолиберализм. Кейнсиандық. Институционалдық. Социалистік ойлардың пайда болуы. XX ғасырдың экономикалық теориясына кеңес ғалымдарының үлесі. Қазақстандағы экономикалық ойлардың пайда болуы мен дамуы.

**Қысқаша мазмұны:** Экономикалық ілімдер тарихының пәні және әдісі. Ежелгі дүние мен ортағасырдың экономикалық ілімдері. Экономикалық ілімдер тарихының пәні. Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарихының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жаздайлар. Шығыс және көне дәуірдегі экономикалық ой-пікірлер. Орта ғасырдағы экономикалық ілімдер. Мануфактура кезеңінен кейінгі дәуірдегі смитшіл классиктердің еңбектеріндегі өзін-өзі реттейтін экономика. С.Сисмонди мен П. Прудон - мануфактурадан кейінгі кезеңнің алғашқы сыншылары. К.Маркстің экономикалық теориясы.

**Күтілетін нәтижелер:** Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарихының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жағдайлар танып білу.

**Пререквизиттер:** жоқ

**Постреквизиттер:** жоқ

**Оқытушы:** э.ғ.к., аға оқытушы Мауленкулова Г.Е.

### 3.1. Құқық негіздері – 2 кредит (90 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, оқушылардың әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату.

Оқу пәнін оқыту мақсаты қазіргі қоғамның қажеттілігі мен мүддесінен туындап отыр. Оқуының негізгі мақсаты заң мамандығын алмайтын студенттерге мемлекет және құқық теориясының негіздерін меңгеру, ұлттық құқықтың жетекші салаларының шеңберінде қажетті білім беру. Бұдан басқа міндет ретінде: қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғышартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік- құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси- құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен субъективтік юридикалық міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Құқық негіздері болашақта өздерінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін іске асыру үшін, еңбекке құқығын жүзеге асыру, қоғамның және еліміздің қоғамдық- саяси өміріне белсенді қатысуға, оқушыларға заң білімдерін кешенді нысанда меңгеруге мүмкіндік береді.

**Күтілетін нәтижелері:** Бұдан басқа міндет ретінде: қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғышартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік-

құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси - құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен субъективтік юридикалық міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

**Пререквизиттер:** Аталған курсты оқығанға дейін оқушылар орта және жалпы білім беру мектептерінде алған құқықтық және тарихи білімдері қажет. Құқық негіздері әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклінің басқа пәндерімен тығыз байланысты. Олардың құқық негіздерімен өзара байланысы оқудың негізгі объектісі- әртүрлі қоғамдық қатынастар.

**Постреквизиттер:** Студент нені үйренеді: нормативтік құқықтық мәселелердің мәнін түсіне білуді, жалпы құқықтық сұрақтарды өз бетінше шеше білуді, нормативтік актілерді дұрыс қолдана алуды үйренеді. Студент түрлі құқық салалары мен саяси ілімдердің жеке индивидке әсер етуін өз бетінше талдай алуы тиіс.

**Оқытушы:** Палванова М.

### **3.2. Еңбек құқығы – 2 кредит (90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Бұл пәннің негізгі мақсаты еңбек құқық қатынастарының мәні мен құрылымын студенттер жан-жақты түсіне алатын дәрежеге жеткізу. Азаматтар еңбек ету бостандығын, конституциялық құқығын әр түрлі нысанда қолдана алатыны. Еңбек құқығы дербес құқық саласы болып табылады, оның пәні, әдісі қағидалары бар және басқа құқық салаларынан айрықша ерекшеленеді. Практикалық қызметке жоғары кәсіби дайындау, болашақ заңгерлерді парасатты тұлғалар қатарына қосу. Еңбек құқығы дүниежүзілік заңнама мен құқықтанудың дамуына әсер етті. Әрбір сауатты заңгер еңбек құқығымен танысуға тиіс. Бұл пәннің мақсаты осы кезде халықаралық құқықта түрлі мемлекеттердің сауда және басқа азаматтық еңбек қатынастарында қолданылатын еңбек құқықтан бастау алған заң термин сөздерін меңгеру болып табылады.

**Қысқаша мазмұны:** Қазақстан Республикасының еңбек құқығы еңбек заңдылығының жүйесі, оның қағидалары, мақсаттары және құрлымы туралы мағлұмат алуы керек, оларды жетілдіру тарихын машықтау қажет, қызметкерлердің кейбір санаттарымен жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін білуі керек, жалақының нысандары мен жүйесін қамтуы керек, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және еңбек заңдылығын нормаларын қолдана білуі керек. Еңбектік және зейнетақылық салада сапалы кеңес беру, сонымен қатар еңбек құқығын еңбектік және әлеуметтік қамсыздандырушылық құқықтық қатынастарды жүзеге асыру үрдісінде пайдалана білуі керек.

**Күтілетін нәтижелері:** - «ҚР еңбек құқығы» курсы оқып бітірген соң студент ҚР еңбек заңдылығының жүйесін, оның қағидаларын, мақсаттары және құрылымы туралы мағлұмат алады;

- Қызметкерлердің кейбір санаттарының жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін, жалақының нысандары мен жүйесін қамту керек;

- Лауазымды тұлғалар мен қызметкердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және заңдылығының нормаларын қолдана білу керек.

**Пререквизиттер:** Аталған курсты оқығанға дейін оқушылар орта және жалпы білім беру мектептерінде алған құқықтық және тарихи білімдері қажет. Құқық негіздері әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклінің басқа пәндерімен тығыз байланысты. Олардың құқық негіздерімен өзара байланысы оқудың негізгі объектісі- әртүрлі қоғамдық қатынастар.

**Постреквизиттер:** Студент нені үйренеді: нормативтік құқықтық мәселелердің мәнін түсіне білуді, жалпы құқықтық сұрақтарды өз бетінше шеше білуді, нормативтік актілерді дұрыс қолдана алуды үйренеді. Студент түрлі құқық салалары мен саяси ілімдердің жеке индивидке әсер етуін өз бетінше талдай алуы тиіс.

**Оқытушы:** Алиева Ф.

### 3.3. Әкімшілік құқық – 2 кредит (90 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** Әкімшілік құқық негізгі заң білімін беретін міндетті пәндердің бірі болып табылады. Әкімшілік құқық атқарушы биліктің ресімделуін түсіну үшін, биліктің субъектісін дараландырып, атқарушы билік органдарының ұйымдастырылуымен байланысты қатынастарды, сондай-ақ азаматтар мен мемлекеттік емес ұйымдар мен мемлекеттік басқару органдары арақатынасы кезінде пайда болатын қатынастарды реттейді.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі уақытта Қазақстан Республикасының экономикалық, саяси және құқықтық жүйелері елеулі түрде өзгереді. Осындай жағдайларда әкімшілік құқық құқық жүйенің негіздеуші саласы ретінде жаңа түрін алады. Егеменді Қазақстанның жаңа мақсаттарына сәйкес экономикалық, саяси құқықтық және әлеуметтік мәдени салаларының әкімшілік құқықтық институттарын қайтадан қарастыру мүмкіндігі туындап отыр; құқықтық мемлекет идеялары билікті бөлу, адамның құқықтары және бостандықтарының басымдылығын қарастыру кезінде әкімшілік құқығының проблемаларын ескеру қажет.

Мемлекет ролінің, мемлекеттік басқарудың мәні, нысаны және әдістерінің өзгеруі әкімшілік құқықтың жалпы және ерекше бөлімдерінің құралымы мен мазмұнын сын көзбен қарауын қажет етеді. Заңнаманың жаңаруы және оның тұрақты түрде өзгеріп отыруы әкімшілік құқықтық нормалар мен институттардың мазмұнына әсер ететін маңызды деректердің бірі болып табылады.

**Күтілетін нәтижелері:** Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы пәнін оқыту міндеттері:

- басқармалық қатынастардың ерекшеліктері мен мағынасын зерттеу;
- басқармалық қатынастарды реттеудегі әкімшілік құқықтық нормалардың қызметін анықтау;
- әкімшілік құқық субъектілерінің құқықтық орнын анықтау;
- әкімшілік қызметінің әдістері мен түрлерін зерттеу;
- әкімшілік құқықтың субъектілерінің жұмысында заңдылық тәртібін қамтамасыздандыратын тәсілдерін белгілеу.

**Пререквизиттер:** Аталған курсты оқығанға дейін оқушылар орта және жалпы білім беру мектептерінде алған құқықтық және тарихи білімдері қажет. Құқық негіздері әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклінің басқа пәндерімен тығыз байланысты. Олардың құқық негіздерімен өзара байланысы оқудың негізгі объектісі- әртүрлі қоғамдық қатынастар.

**Постреквизиттер:** Студент нені үйренеді: нормативтік құқықтық мәселелердің мәнін түсіне білуді, жалпы құқықтық сұрақтарды өз бетінше шеше білуді, нормативтік актілерді дұрыс қолдана алуды үйренеді. Студент түрлі құқық салалары мен саяси ілімдердің жеке индивидке әсер етуін өз бетінше талдай алуы тиіс.

**Оқытушы:** Жаналиева А.

**Цикл атауы: Базалық пәндер циклы 49- кредит (2205сағат)**

### 4.1. Математикалық талдау – 3 кредит (135 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** Дифференциалдық теңдеулер, функциялар теориясы мен мен ФАН элементтері. ТФКП дербес туындылы теңдеулер шешуді үйренеді. Математикалық талдауға кіріспе, Логика элементтері, Функциялар, Нақты сандар, Тізбек шегі Тізбекше және дербес шектер, Функция шегі, Функцияның дербес шегі тақырыптарын меңгеру нәтижесінде студенттер Математикалық талдау пәнінің мақсаты мен міндеттерін меңгеріп шығады.

**Қысқаша мазмұны:** Математикалық талдауға кіріспе. Логика элементтері. Функциялар. Нақты сандар. Тізбек шегі. Тізбекше және дербес шектер. Функция шегі. Функцияның дербес шегі. Үзіліссіз функциялар. Бірқалыпты үзіліссіздік. Қатарлар. Фурье қатарлары және интегралы. Жай дифференциалдық теңдеулер. Шектер теориясы, нақты айнымалы функциялардың дифференциалдық және интегралдық есептеулері. Көп айнымалы функциялар. Еселі беттік және қисық сызықты интегралдар, қатарлар теориясы.



**Күтілетін нәтижелер:** Студент оқу үдерісі мен математикалық талдау сабақтарын компьютерлік технологияны қолданып ұйымдастыруды; математикалық есептер мен математикалық үдерістердің ғылыми-әдістемелік сараптама жасауды; теориялық білімдерін практикада қолдану әдістерін меңгереді.

**Пререквизиттер:** жоқ

**Постреквизиттер:** Физика, Алгебра және геометрия.

**Оқытушы:** ф-м.ғ.к., доцент Тлеубердиев Б

#### **4.2. Функцияның графигін зерттеу – 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Пән практикада математикалық әдістерді қолдану дағдыларын қолданбалы есептерді шығаруда икем-дағдыларын жетілдіруге үйретеді..

**Қысқаша мазмұны:** Функция. Функцияның аннықтамасы. Берілу тәсілдері. Функцияның графигі Экстремумдар: максимум және минимумдар. Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері. Ойыстық және дөңестік. Өспелі және кемімелі функциялар.

**Күтілетін нәтижелер:** Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде алған білімнің сапасы жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарына сай қалыптасады. Студент алған нәтижесінде пәнді игеріп осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра береді. пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушына талапқа сай дағдыларын игеріп іске асыруға дайындалады.пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім қалыптастырып, іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** Алгебра және геометрия, мектеп математикасы.

**Постреквизиттер:** Дифференциалдық теңдеулер, комплексті талдау.

**Оқытушы:** ф-м.ғ.к., доцент Белес А.

#### **4.3. Қатар және Фурье интегралы – 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** дербес туындылы математикалық физика теңдеулерін сандық әдістерді практикада қолдана алуға үйретеді.

**Қысқаша мазмұны:** Операциялық есептеу. Лаплас түрлендіруі және Фурье түрлендірулері. Туынды белгісінен және интеграл белгісінен құтылу. Лаплас түрлендіруін туынды белгісін ауыстыруға қолдану және түрлендіру. Дифференциалдық және интегралдық теңдеулер Лаплас түрлендірудің арқасында қарапайым теңдеуге келтіру.

**Күтілетін нәтижелер:** Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде алған білімнің сапасы жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарына сай қалыптасады. Студент алған нәтижесінде пәнді игеріп осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра береді. пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушына талапқа сай дағдыларын игеріп іске асыруға дайындалады.пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім қалыптастырып, іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** жоқ

**Постреквизиттер:** Физика, Алгебра және геометрия.

**Оқытушы:** магистр., аға оқытушы Салимбекова С

#### **5.1. Алгебра және геометрия – 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Жазықтықтағы салу есептерін сонымен қатар практикада геометриялық салу әдістерін қолдану дағдыларын жетілдіруге нақтылайды.

**Қысқаша мазмұны:** Түзудегі, жазықтықтағы және кеңістіктегі координаталар әдісі. Түзудегі, жазықтықтағы және кеңістіктегі векторлар. Сызықтар мен беттер, олардың теңдеулері. Жазықтықтағы және кеңістіктегі декарттық координаталар жүйесін түрлендіру.Канондық теңдеулермен берілген екінші ретті сызықтар. Жалпы теңдеулермен берілген екінші ретті беттер. Үш айнымалы екінші ретті теңдеулердің эллипсоидты,гиперболоидты,параболоидты,конусты,цилиндрді немесе екі жазықтықтағы

анықтайтыны туралы теорема. Сызықты және аффиндик түрлендірулер. Проективтік геометрия элементтері.

**Күтілетін нәтижелер:** Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде алған білімнің сапасы жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарына сай қалыптасады. Студент алған нәтижесінде пәнді игеріп осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра береді. пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушына талапқа сай дағдыларын игеріп іске асыруға дайындалады. пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім қалыптастырып, іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** Математикалық талдау, Математика.

**Постреквизиттер:** Дискретті математика, Электр тізбектерінің теориясы.

**Оқытушы:** ф-м.ғ.к., доцент Белес А.

## 5.2. Геометрия – 3 кредит (135 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** Пән бойынша берілетін тапсырмаларды толық меңгеру. Берілген курс болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби дайындығын қалыптастырады.

**Қысқаша мазмұны:** Планиметрия курсының теоремалары. Үшбұрыштар теоремасы. Пифагор теоремасы. Үшбұрыштардың негізгі қасиеттері. Төртбұрыштар. Шеңбер. Дөңгелек. Аудан. Көпбұрыштар. Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңбер.

**Күтілетін нәтижелер:** Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде алған білімнің сапасы жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарына сай қалыптасады. Студент алған нәтижесінде пәнді игеріп осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра береді. пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушына талапқа сай дағдыларын игеріп іске асыруға дайындалады. пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім қалыптастырып, іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** Математикалық талдау, Математика.

**Постреквизиттер:** Дискретті математика, Электр тізбектерінің теориясы.

**Оқытушы:** магистр., аға оқытушы Абдуллаев Ж

## 5.3. Стереометрия – 3 кредит (135 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** Кеңістіктегі фигураларды зерттеу және есептеу дағдыларына үйретеді.

**Қысқаша мазмұны:** Стереометрия курсының теоремалары. Евклидтік геометрияның аксиомалар системасын зерттеу. Евклидтік емес геометрия. Погорелов бойынша евклидтік геометрияның аксиомалар системасы. Лобачевский геометриясы. Кеңістіктегі денелер. Пирамида, Призма олардың көлемдері. Айналу денелері. Олардың көлемдері.

**Күтілетін нәтижелер:** Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде алған білімнің сапасы жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарына сай қалыптасады. Студент алған нәтижесінде пәнді игеріп осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра береді. пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушына талапқа сай дағдыларын игеріп іске асыруға дайындалады. пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім қалыптастырып, іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** Математикалық талдау, Математика.

**Постреквизиттер:** Дискретті математика, Электр тізбектерінің теориясы.

**Оқытушы:** магистр., аға оқытушы Салимбекова С

## 6.1. Бағдарламалау технологиясы-3 кредит (135 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** Бағдарлама технологиясының негізгі түсініктері, анықтамалары және әдістері туралы білім алу. Бағдарлама технологиясының теориялық негіздерін үйрену. Бағдарлама құрастырудың практика жүзіндегі әдістерін үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Си тілі базасында императивті программалаумен ұйымдастырудың моделі. Құрылымдық программалау стилі мен техникасы шығу деректерін талдау, олардың

сәйкесінше құрылымдық деректермен берілуі. Есепті шешу алгоритмін талдау және тиянақтау. Функционалды декомпозиция және декомпозиция элементтерінің спецификациясы. Деректер құрылымын басқару және модельдеу механизм, өрнекті жазу әдістері. Функция аргументтері және көрсеткіштері.

**Күтілетін нәтижелері:** Бағдарламалау тілдерінің қазіргі кездегі даму бағыттарымен танысады. Жоғары деңгейлі тілдерінің құрылымын оқып-үйрену, олардың қолдануы техникасымен және ерекшелігімен танысады. Қолданбалы есептерді бағдарламалауда айтылған тілдерді пайдалану тәжірибесін ұлғайтуға мүмкіндік алады.

**Пререквизиттер:** Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер.

**Постреквизиттер:** Тілдер теориясы, Бағдарламалау технологиясы, Ақпарат теориясы.

**Оқытушы:** Т.Ғ.К., доцент Апсеметов А

## **6.2. DELPHI ортасында объектілі-бағытталған бағдарламалау– 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Құрылымдық бағдарлама негіздерін үйрету. Алгоритмдерді жасау, өңдеу әдістерін, бағдарламаларды ЭЕМ-де өңдеу және жасау қабылдауларын құрастыру технологиясын теориялық және практикалық игеру. Алынған дағдыларды типтік математикалық және инженерлік есептерді шешуде қолдану. Delphi ортасында жұмыс істеуге дағдылану. Компаненттік бағдарламалау принциптерін қолдану және объектілі- бағытталған ортада жобалауды меңгеру.

**Қысқаша мазмұны:** Объектіге- бағытталған программалау тілдерінің негізі. Объектіге-бағытталған программалау тілдерінің жұмыс істеу ортасы. Стандартты басқару элементтері. Құрылым проектісі, әдістері. Негізгі алгоритмдік конструкция.. Меню. Көпқұжатты интерфейс. Диалогтік терезені жасау. Басқару элементтері. ActiveX элементтері.

**Күтілетін нәтижелері:** Құрылымдық бағдарлама негіздерін үйренеді. Алгоритмдерді жасау, өңдеу әдістерін, бағдарламаларды ЭЕМ-де өңдеу және жасау қабылдауларын құрастыру технологиясын теориялық және практикалық игереді. Алынған дағдыларды типтік математикалық және инженерлік есептерді шешуде қолдануға дағдыланады. Delphi ортасында жұмыс істеуге дағдылану. Компаненттік бағдарламалау принциптерін қолдану және объектілі-бағытталған ортада жобалауды меңгереді.

**Пререквизиттер:** Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер.

**Постреквизиттер:** Тілдер теориясы, Бағдарламалау технологиясы, Ақпарат теориясы.

**Оқытушы:** Т.Ғ.К., доцент Тукубаев З

## **6.3. C++ ортасында бағдарламалау– 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Программалық жобаларды құру ортасы. C++ тілі және алғашқы жобалар. C++ тілінің түрлерінің жүйелері. Түрлерді өзгерту. Айнымалылар және өрнектерді түсіндіру.

**Қысқаша мазмұны:** Программалық жобаларды құру ортасы. C++ тілі және алғашқы жобалар. C++ тілінің түрлерінің жүйелері. Түрлерді өзгерту. Айнымалылар және өрнектер. Өрнектер. Өрнектердегі амалдар. Меншіктеу және ішкі функциялар. C++ тілінің операторлары. Процедуралар және функциялар- класстың тәсілдері. Рекурсия. C++ тілінің массивтері. Атау классы және массивтердің жаңа мүмкіншіліктері. C++ -та тұрақты ұзындықты символдармен жолдар. C++- та жолдар. String және String Builder класстары. Регулярлы өрнектер. Класстар. Құрылымдар. Класстардың арасындағы қатынас. Клиенттер. Интерфейстер. C++-та функционалды түр. Делегеттар. Оқиғалар. Интерфейсті ұйымдастыру және формаларды сурет салу.

**Күтілетін нәтижелері:** Алгоритмдерді жасау, өңдеу әдістерін, бағдарламаларды ЭЕМ- де өңдеу және жасау қабылдауларын құрастыру технологиясын теориялық және практикалық игереді. Алынған дағдыларды типтік математикалық және инженерлік есептерді шешуде қолдануға дағдыланады. Delphi ортасында жұмыс істеуге дағдылану. Компаненттік бағдарламалау принциптерін қолдану және объектілі- бағытталған ортада жобалауды меңгереді.

**Пререквизиттер:** Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер.

**Постреквизиттер:** Тілдер теориясы, Бағдарламалау технологиясы, Ақпарат теориясы.

**Оқытушы: магистр., оқытушы Тұяқбаева М**

### **7.1. Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер – 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қазіргі заманғы мәліметтер қорының теориялық негіздерін, мәліметтер қорын жасау және олармен жұмыс істеу принциптерін үйрету. Студенттерді әртүрлі ақпараттық жүйелерде мәліметтер қорымен жұмыс істеуге қажетті біліммен қаруландырып, дағдыларын қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны:** Ғылыми техникалық ақпарат жүйесі. Үлкен массивті ақпараттарды өңдеу. Жүйелік бағдарламалау. Қоғамды ақпараттандыру. Ақпараттық қасиет. Ақпаратты қолдану. Мәліметтер қорының пайда болу және даму тарихы. Ақпараттық жүйелердің классификациясы. Мәліметтер қорының моделі. Мәліметтер қорыны анықтамасы.

Ақпарат және мәліметтер қоры. Мәліметтер қорының модельдері: иерархиялық, желілік, реляциялық, постреляциялық, көпөлшемді. Мәліметтер қорының физикалық және логикалық тәуелсіздігі. Атрибут. Кортж. Қатынас. Нормаль формалар.

**Күтілетін нәтижелері:** Білімгерлер мәліметтер қорын құрудың теориялық негіздерін, мәліметтермен жұмыс істейтін негізгі операциялардың орындалуын жете меңгереді. Мәліметтерді баяндау мен басқарудың тілдік құралдарын, іздеу мен өңдеу әдістерін ұйымдастыруға дағдыланады. Мәліметтер қорымен жұмыс жасауды, олардың қазіргі заманғы талапқа сай қолдану жолдарын меңгереді.

**Пререквизиттер:** Қазақстанның қазіргі заман тарихы.

**Постреквизиттер:** Экономикалық теория негіздері, Кәсіби қазақ (орыс) тілі, Дискретті математика, Электр тізбектерінің теориясы, Тілдер теориясы, Бағдарламалау технологиясы, Ақпарат теориясы.

**Оқытушы:** магистр, аға оқытушы Көбеева З

### **7.2. Білімдер қорлары және эксперттік жүйелер - 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Білім қоры және сараптаушы жүйелер» курсы қазіргі қоғам талабына сай жаңа ақпараттық жүйелер мен технологияларды қолданып сараптаушы жүйелерді әртүрлі салаларға арнап құру мен қолдану және жасанды интеллект жүйелерін программалау мәселелерін шешуде теориялық және практикалық білім жинақтап, машықтандыруды мақсат етеді.

**Қысқаша мазмұны:** Кіріспе. Курс мақсаты мен міндеттері. Курс мазмұны мен пәні. Жасанды интеллект (ЖИ) негіздері. ЖИ туралы түсінік. ЖИ даму тарихы мен бағыттары. ЖИ есептерін шығаруға арналған тілдерге шолу. Мәліметтер мен мағлұматтар. Білімдер қоры. Білім қорын сипаттау жолдары мен модельдері. Өнімділік және семантикалық модельдер. Фреймдер. Формальды логикалық жүйелер. Логикаға кіріспе. Мағлұмат алу және жинақтау процестері. Сараптаушы жүйелер. Жүйе құрылымы. Сараптаушы жүйелердің жіктелуі. Сараптаушы жүйелерді әзірлеу технологиясы. Әзірлеу этаптары. Мәселе мен мақсатты таңдау, айқындау. Пролог – логикалық программалау жүйелерімен танысу. Жүйенің логикалық негіздері. Тілдің алфавиті, терминдері, қызметші сөздері. Пролог жүйесінде есептеулер жүргізу. Рекурсия. Тізімдер. Тізімдерді біріктіру, элемент қосу және реттеу. Turbo Prolog программасымен жұмыс негіздері. Программа құрылымы. Тұрақтылар. Домендер. Предикаттарды сипаттау. Пікірлерді және ішкі мақсатты анықтау. Енгізу-шығару предикаттары. Turbo Prolog тілінде программаларды басқару. Тереңге іздеу тәсілі бэктрекинг (откат). Тізімдерге операциялар жүргізу. Тізімдерге реттеу жүргізу. Көпіршікті реттеу. Алмастыру арқылы реттеу. Таңдау арқылы реттеу.

**Күтілетін нәтижелері:** Пәнді игеру барысында логикалық программалау тілдері негіздері жалп қарастырылып Пролог, Turbo және Visual Пролог тілдерін әртүрлі салалардағы жобалау, жоспарлау, болжау, шешім қабылдауға қолдау көрсету есептерін шешуде қолдану қарастырылады. «Білім қоры және сараптаушы жүйелер» пәнін оқыту мақсаты – студенттердің білім беру стандарттарына сәйкес білім алуын, логикалық программалауда жұмыс дағдыларын үйренуін қамтамасыз ету және олардың жүйелі ойлау қабілетін дамыту болып табылады.

**Пререквизиттер:** Қазақстанның қазіргі заман тарихы.

**Постреквизиттер:** Экономикалық теория негіздері, Кәсіби қазақ (орыс) тілі, Дискретті математика, Электр тізбектерінің теориясы, Тілдер теориясы, Бағдарламалау технологиясы, Ақпарат теориясы.

**Оқытушы:** магистр Тұяқбаева М

### **7.3. Ақпараттық жүйелер - 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Студенттерді әртүрлі ақпараттық жүйелерде мәліметтер қорымен жұмыс істеуге қажетті біліммен қаруландырып, дағдыларын қалыптастыру. Қазіргі заманғы мәліметтер қорының теориялық негіздерін, мәліметтер қорын жасау және олармен жұмыс істеу принциптерін үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Ақпараттық қасиет. Ақпаратты қолдану. Мәліметтер қорының пайда болу және даму тарихы. Ақпараттық жүйелердің классификациясы. Мәліметтер қорының моделі. Мәліметтер қорының анықтамасы. Ақпарат және мәліметтер қоры.

**Күтілетін нәтижелері:** Білімгерлер ақпараттық жүйелер негіздерін, мәліметтермен жұмыс істейтін негізгі операциялардың орындалуын жете меңгереді. Мәліметтерді баяндау мен басқарудың тілдік құралдарын, іздеу мен өңдеу әдістерін ұйымдастыруға дағдыланады. Мәліметтер қорымен жұмыс жасауды, олардың қазіргі заманғы талапқа сай қолдану жолдарын меңгереді.

**Пререквизиттер:** Қазақстанның қазіргі заман тарихы.

**Постреквизиттер:** Экономикалық теория негіздері, Кәсіби қазақ (орыс) тілі, Дискретті математика, Электр тізбектерінің теориясы, Тілдер теориясы, Бағдарламалау технологиясы, Ақпарат теориясы.

**Оқытушы:** т.ғ.к., доцент Тукубаев З

### **8.1. Ақпарат теориясы– 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Ақпараттық статистикалық, семантикалық және құрылымдық өлшеулерін білу. Сигналдық математикалық моделін анықтай білуге үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Ақпаратты өлшеу. Ақпараттың статистикалық, семантикалық және құрылымдық өлшеулері. Энтропия анықтамасы, энтропияның негізгі қасиеттері. Шартты энтропия. Біріктіру энтропиясы. Ақпараттың семантикалық өлшеуі. Ақпараттың саны және артықшылығы. Сигналдың математикалық моделі. Детерминді сигналдардың берілуінің уақытша формасы. Детерминді сигналдардың берілуінің жиіліктік формасы. Кездейсоқ сигналдардың спектрі. Ақпаратты кванттау және дискреттеу.

**Күтілетін нәтижелері:** Ақпараттық теорияларды талдау әдістері, техникалық, өндірістік, экономикалық, экологиялық жүйелердің проблемалары туралы; ақпараттық жүйелердің қызметін талдау, ерекшеліктерін зерттеу және олардың жағдайын бағалау, дамуын болжау туралы; ақпарат теориясы негіздерін, қағидаларын және әдістерін қолдана алады. Қолданбалы және жалпы ақпарат теориясы негіздерін, ақпараттық жүйелердің математикалық моделдеу әдістерін, білімгер ақпараттық жүйелерді жүйелік талдау әдістерінің мазмұнын және негізгі қағидаларын түсініп, іс жүзінде қолдану жолдарын білуге міндетті; және де ақпараттық жүйелерді зерттеуге таңдаған әдістерін түбегейлі оқып үйреніп, қосымша әдебиеттерді пайдалана алады.

**Пререквизиттер:** Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер.

**Постреквизиттер:** Тілдер теориясы, Бағдарламалау технологиясы, Ақпарат теориясы.

**Оқытушы:** т.ғ.к., доцент Тукубаев З

### **8.2. Компьютерлік жүйелерде ақпараттарды қорғау – 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Ақпараттық технологияларды ұйымдастыру, құрылғылар және менеджмент методологиясы, жүйе фирмаларының негізгі модульдері, бөлінген басқару жүйелердің негіздерін стратегиялық жоспарлай білу.

**Қысқаша мазмұны:** Ақпаратты өлшеу. Ақпараттың саны және артықшылығы. Кездейсоқ сигналдардың спектрі. Ақпаратты кванттау және дискреттеу. Каналдық және сигналдық ақпараттың мінездемесі. Жаңа ақпараттық технологиялар және қорғау жүйелері.

**Күтілетін нәтижелері:** Ақпараттық теорияларды талдау әдістері, техникалық, өндірістік, экономикалық, экологиялық жүйелердің проблемалары туралы; ақпараттық жүйелердің қызметін талдау, ерекшеліктерін зерттеу және олардың жағдайын бағалау, дамуын болжау туралы; ақпарат теориясы негіздерін, қағидаларын және әдістерін қолдана алады. Қолданбалы және жалпы ақпарат теориясы негіздерін, ақпараттық жүйелердің математикалық моделдеу әдістерін, білімгер ақпараттық жүйелерді жүйелік талдау әдістерінің мазмұнын және негізгі қағидаларын түсініп, іс жүзінде қолдану жолдарын білуге міндетті; және де ақпараттық жүйелерді зерттеуге таңдаған әдістерін түбегейлі оқып үйреніп, қосымша әдебиеттерді пайдалана алады.

**Пререквизиттер:** Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер.

**Постреквизиттер:** Тілдер теориясы, Бағдарламалау технологиясы, Ақпарат теориясы.

**Оқытушы:** т.ғ.д., профессор Ескендилов Ш

### **8.3. Компьютерлік технологиялар – 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Ақпараттық технологиялардың инструментальды негіздерін және ақпаратты енгізудің автоматтандырылған жолдарын білу.

**Қысқаша мазмұны:** Ақпараттық технологиялардың инструментальды негіздері. Ақпараттық технологиялардың жадылары. Ақпараттық технологиялардың ішкі және сыртқы байланыс орнату, қамсыздандыру құралдары. Компьютерлік вирустармен күресудің автоматтандырылған жолдары. Антивирустар және олардың түрлері. Архиватор- программалар және олардың түрлері. Ақпаратты енгізудің автоматтандырылған жолдары. Графикалық ақпаратты өңдеудің принциптері. Компьютерлік жүйелер және ақпаратты қорғау. Операциялық жүйенің реестрі және дискінің бейнесі ұғымдары. Компьютерлік технологиялар және ақпараттың бейнеленуі. USB- универсалды тізбекті шина, инфрақызыл порт- IrDA. Bluetooth- технологиясы. Интерактивті тақтаның негізгі түсініктері, жұмыс істеу принципі. ACTIV studio- ның аспаптар тақтасы мен функционалдық мүмкіндіктері. ACTIV studio- да жұмыс жасау.

**Күтілетін нәтижелері:** Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде алған білімнің сапасы жоғары оқу орындарында қойылатын талаптарына сай қалыптасады. Студент алған нәтижесінде пәнді игеріп осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра береді. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыға талапқа сай дағдыларын игеріп іске асыруға дайындалады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім қалыптастырып, іскерлікке бейімдейтін кешені білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер.

**Постреквизиттер:** Тілдер теориясы, Бағдарламалау технологиясы, Ақпарат теориясы.

**Оқытушы:** т.ғ.к., доцент Апсеметов А

### **9.1. Дискретті математика – 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Студенттерді математикалық теориялар мен дедукция теориясы мен теорияның қайшылықсыздығы, толықтығы, шешімділігімен, тьюринг машиналарымен, Марковтың нормалды алгоритмдерімен таныстыру.

**Қысқаша мазмұны:** есеп шығарудың әдістемелік ұғымдарын қалыптастыру, теориялық алған білімдерін есеп шығаруда тиімді қолдана білуге дағдыландыру, студенттерді есеп шығаруға дағдыландыру, есептерді талдай білуге, ойын еркін жеткізуге баулу, алған ақпараттарын жүйелеп, қолдана білуге үйрету, студенттердің алған білімдерін, дағдылары мен біліктерін жетілдіреді.

**Күтілетін нәтижелері:** Бұл пәнде математикалық түсініктер, заңдылықтар сондай-ақ дискретті математиканың негізгі теориясы мен әдістемесін оқиды, нәтижесінде мамандықтың біліктілік талаптарына сай білімі мен біліктілігі қалыптасады.

**Пререквизиттер:** жоқ

**Постреквизиттер:** Дискретті математика, Электр тізбектерінің теориясы

**Оқытушы:** маистр, аға оқытушы Салимбекова С

### **9.2. Математикалық логика және дискретті математика – 3 кредит (135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Студенттерді математикалық логиканың алғашқы ұғымдарымен, дискретті математиканың негізгі бөлімдері және олардың қолдануларымен таныстыру, басқа пәндерді меңгеруге теориялық және тәжірбиелік тұрғыдан дайындау.

**Қысқаша мазмұны:** Пікірлер логикасы. Пікірлерге қолданылатын логикалық амалдар. Математикалық теориялар. Дедукция теориясы. Теорияның қайшылықсыздығы, толықтығы, шешілімділігі. Теория тілінің интерпритациясы. Натурал сандар теориясы. Алгоритмдер. Тьюринг машиналары. Марковтің нормалды алгоритмдері. Комбинаторика. Графтар. Ағаштар және олардың қасиеттері. Буль функциялары. Элементар функциялар және олардың қасиеттері. Функциялардың толық жүйелері. Дизъюнктивтік нормальды формалар. Кодтау және декодтау теориясы. декодтаудың бірімәнділік критерийі. Басқару жүйелердің синтезі және күрделілігі.

